

Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» МКК-ы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша Аналитикалық анықтама

Шымкент қаласы

21.06.2024 жыл

I. Кіріспе бөлім

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің негізі: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 8-бабына және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі» бұйрығы негізінде, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалар»-ды басшылыққа ала отырып, Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын (ары қарай – Кәсіпорын) қызметінде жұмыс тобының кестесіне сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі: 2024 жылғы 03 маусым айынан 2024 жылдың 23 маусым айына дейін.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісі қызметінің талданатын кезеңі: 2023 жылғы маусым айынан 2024 жылдың маусым айына дейін.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша жұмыс тобының құрамы Шымкент қаласы ДСБ ШЖҚ «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» МКК қызметіндегі «сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» Кәсіпорынның бас дәрігерінің 2024 жылғы 15-ші мамырындағы № 183-н/қ бұйрығымен бекітілген.

Кәсіпорын өз жұмыс барысында төмендегі нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа алып, халыққа қызмет көрсетеді. ҚР Еңбек Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы; «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексі, «Жедел медициналық жәрдем, оның ішінде медициналық авиацияны тарта отырып көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы №

ҚР ДСМ-225/2020 бұйрығы; "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің қызметкерлерін көтермелеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-278/2020 бұйрығы; "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңы (07.03.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен) ; Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің үлгілік жүйесін бекіту туралы ДСМ-2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-213/2020 бұйрығы; "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 ҚРҰБ; Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 ақпандағы № 14 "Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларын бекіту туралы" бұйрығы; «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидалары туралы» Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 110 бұйрығы. және де басқа нормативтік-құқықтар актілер аясында жұмыс жасайды.

Сонымен бірге, кәсіпорын Жарғысы, ұжымдық шарт және де басқа ішкі құжаттармен танысылды.

Кәсіпорында 10 бекет бар; сонымен бірге Gall-центрде жедел қызмет көрсету оперативты (103) бөлім бар. Барлық бекеттерге лицензия алынған.

ЖМЖКС-да қала бойынша тіркелген 1 224 920 тұрғындарға қоса, қала қонақтарына, студенттерге, жұмысшы-мигранттарға және де тіркелмеген азаматтарға жедел жәрдем көмегін көрсетеді. Барлық бекеттерде 104 жедел жәрдем көрсету бригадалары болып, халыққа үздіксіз қызмет көрсетеді.

«Жедел медициналық жәрдем, оның ішінде медициналық авиацияны тарта отырып көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-225/2020 бұйрығының 2 тарау 41 тармағына сәйкес, республикалық маңызы бар қалалардың ЖМЖС халықтың жүгінуін ескере отырып, 10 мың және одан аз тұрғынға 1 бригада есебінен енгізілуіне байланысты, сәйкесінше норматив бойынша 122 бригада болуы қажет. Бригадамен жабдықталуы 87%.

Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау келесі мәселелер бойынша жүргізілді.

Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі деп мынадай мәселелер түсіндіріледі:

- 1) персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы;
- 2) мүдделер қақтығысын реттеу;
- 3) жедел медициналық жәрдем көрсету;
- 4) рұқсат беру функцияларын іске асыру;
- 5) бақылау функцияларын іске асыру;
- 6) бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін ақпарат көздері:

- 1) бөлімшенің қызметін қозғайтын нормативтік-құқықтық актілер;
- 2) бөлімшеге қатысты мемлекеттік органдардың бұрын жүргізген тексеру нәтижелері;
- 3) бөлімшеге келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;
- 4) прокурорлық қадағалау актілері.

II. Сипаттама бөлігі

Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы: 2023 жылы маусым-желтоқсан ай аралығы: Кәсіпорында жалпы штат саны-1815, нақты адам саны-1811,5;

Оның ішінде:

- дәрігерлер штат саны – 168 нақты-150 (декреттік демалыста - 18), бос орын –0;
- фельдшерлер штат саны – 1107 нақты -987 декреттік демалыста - 120), бос орын –0 ;
- жүргізушілер штат саны- 472, нақты - 472 , бос орын – 0;
- Әкімшілік персонал штат саны –172,нақты-158(декреттік демалыста - 4), бос орын – 0;

- кіші медициналық қызметкерлер-108, нақты -108 (декреттік демалыста - 12), бос орын – 0;
- еңбек шарты бойынша жалпы саны – 1811,5.

2023 жылдың 01.06.-31.12.2023 жылға дейін жалпы конкурспен қабылданғандар саны -77.(оның ішінде: дәрігерлер – 0 фельдшерлер–48 (4,3%), жүргізушілер-22 (7%); кіші медицина қызметкерлері – 4 (3%), әкімшілік персонал – 3 (4,7%). (Еңбек Кодексі 34 баб)

2023 жылдың маусым-желтоқсан айлары аралығында жалпы бұйрықпен босатылғандар саны-30 (оның ішінде: дәрігерлер – 4 (3%); фельдшерлер 28 (3%); жүргізушілер-30(6%); кіші медицина қызметкерлері – 3 (2,7%);басқа персонал –4(5%).

2023 жылғы жалпы жеке құрам бойынша бұйрық- 493, негізгі құрам бойынша -428 бұйрық шығарылған. Еңбек кодексіне сәйкес бұйрықтар шығарылған (Еңбек Кодексі 34 бап) Тәртіптік жазаға тартылғандар саны-260.(Еңбек Кодексі РК63 бап)

Біліктілікті арттыру бойынша жалпы саны-1439.Барлығы біліктіліктерін артырған.(Еңбек Кодексі 118 бап)

Кәсіпорында 2024 жылдың қаңтар- маусым айлары аралығында жалпы штат саны –1895, нақты адам саны– 1950 (декреттік демалыста -143) бос орын -0

Оның ішінде:

- дәрігерлер штат саны – 169, нақты адам саны – 172 (декреттік демалыста -18), бос орын -0
- фельдшерлер штат саны 1030, нақты адам саны-1129 (декреттік демалыста - 122), бос орын – 0;
- жүргізушілер штат саны- 484 ,нақты адам саны -482 бос орын – 0
- Басқа персонал штат саны –194 нақты- 193 (декреттік демалыста - 12), штат саны бойынша бос орын – 0
- кіші медициналық қызметкерлер-18, нақты -18, бос орын – 0;
- келісім шарт бойынша жалпы саны – 1811,5;
- Мемлекеттік жекеменшік- әріптестік (МЖӘ) жобасы бойынша 5 бос лауазым орындары : МЖӘ стратегиялық даму жөніндегі бас дәрігердің орынбасары - 1 мөлшерлеме, МЖӘ техникалық даму жөніндегі бас дәрігердің орынбасары- 1 мөлшерлеме, түрік тілінен МЖӘ аудармашы хатшысы-1 мөлшерлеме, МЖӘ заңгер- 1 мөлшерлеме , клиникалық фармоколог-1 мөлшерлеме.
- **2024 жылдың қаңтар-маусым айларына** дейін жалпы конкурспен қабылданғандар саны-85.(оның ішінде: дәрігерлер –1 , фельдшерлер–

43(4%), жүргізушілер-11 (8%); кіші медицина қызметкерлері – 5(1); басқа персонал – 5 (1%). Конкурспен қабылдау комиссия мүшелерінің қатысумен жүзеге асырылады және хаттама толтырылады. Хаттамаларды тіркеу журналы бар.

2024 жылдың маусым айына дейін жалпы бұйрықпен босатылғандар саны 43 (оның ішінде: дәрігерлер – 4(2%), фельдшерлер 23 (2,8%); жүргізушілер-7(2%); кіші медицина қызметкерлері – 4(2%), басқа персонал – 4 (2,3%).

2024 жылдың маусым айына дейін жалпы жеке құрам бойынша бұйрық-240, негізгі құрам бойынша 100-бұйрық шығарылған. Еңбек заңнамасына сәйкес жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтар шығарылған (ст.34) Тәртіптік жазаға тартылғандар саны-56.(Еңбек Кодексі 64 бап). Бұлардың ішінде коррупция, қылмыстық жазаға және мүдделерқақтығысы бойынша жауапқа тартылғандар жоқ.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-225/2020 «Жедел медициналық жәрдем, оның ішінде медициналық авиацияны тарта отырып көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығын орындау мақсатында, Халыққа медициналық көмек көрсетудің қолжетімділігі мен сапасын жақсарту мақсатында 2024ж. 01 маусымынан бастап Асар м/а, Новостройка к/сі, 1882 үй мекенжайы бойынша «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» -ның №9 бекеті ашылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы:

Автоматтандырылған тестілеу жүйесінің болмауына байланысты үміткердің тестілеуге жауапты қызметкерлермен тікелей байланысу мүмкіндігі, әңгімелесу және тестілеу рәсімдері бойынша шаралар қабылдау, сондай-ақ конкурстық комиссиялардың болуы кандидаттарды іріктеу кезінде ашықтықтың, объективтіліктің және заңдылықтың дәлелі ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың маңызды құралы болып табылады.

Кәсіпорында жұмыскерлердің жұмыстан көптеп босатылу ағымдағы жылда басқа жұмысқа өтуіне, лауазымдық ақының төмен болуына байланысты орын алған.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелін жою бойынша ұсынымдар:

1. Жүргізушілер, кіші персонал және әкімшілік персоналдардың жалақысын көтеру туралы ұсыныс беру;
2. Кандидаттарды іріктеу кезінде сұхбаттасу және тестілеу процедураларын қосымша жүргізу және бейнетіркеуге түсіру;
3. Жұмысқа қабылдау барысында квалификациялық сәйкестіктерді қадағалау;

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңының 14 бабын қатаң ұстауға.

Мүдделер қақтығысын реттеу:

Жұмыс тобы кәсіпорын қызметіне зиян келтіруі мүмкін мүдделер қақтығысы анықталмады. Сонымен қатар, Кәсіпорынға қарасты медициналық және медициналық емес жұмыскерлерде сыбайлас жемқорлықтың көріністері мен мүдделер қақтығысының және Әдеп Кодексі талаптарының бұзылу жайттары орын алмаған.

Бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын Мемлекеттік қызметтер көрсету туралы:

Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 110 бұйрығы негізінде «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясында» кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде сатып алу бойынша ішкі талдау жұмыс жүргізу барысында.

Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 07 маусымдағы №110 Бұйрығына сәйкес, мемлекеттік сатып алу бойынша мониторинг «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» осы уақыт аралығында тауарларды баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен, бір көзден алу бойынша хабарландыру берілген, хаттама негізінде жеткізушілермен -12 дана мемлекеттік тауарларды сатып алу бойынша келісім-шарттары өнім берушімен түзілген.

Тегін Медициналық Көмектің Кепілдік берілген Көлем және Міндетті Әлеуметтік Медициналық Сақтандыру бойынша СК Фармация бірліктерінің тізбесіне кірмейтін дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды сатып алуға хабарландыру берілген (хаттама бар).

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша аптекада құқық бұзушылық анықталмады. Дәрілік заттардың мерзімі талапқа сай, бригадаларға уақтылы босатылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелін алдын ала жою бойынша ұсынымдар:

1. Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 07 маусымдағы №110 бұйрығы бойынша «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» тендерлік комиссиясына оқу жұмыстарын ұйымдастыру ұсынылады;
2. Тендерлік өтінімдер салынған конверттерді тендерлік комиссия аудио - және бейнетіркеуді қолдануды ұсынылады.

Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Вэб-порталында көрсетілген келісім - шарттар бойынша ішкі талдау жұмысы жүргізу барысында.

2023 жылдың маусым айынан бастап 2024 жылдың маусым айына дейін 309 дана тауарларды мемлекеттік сатып алу бойынша келісім – шарт жасасқан. Соның 218 -орындалған, 91 қалғандары орындалу үстінде.

2023 жылы	2024 жыл
Баға сұрату тәсілімен-60	Баға сұрату тәсілімен-79
Бір көзден алу-17	Бір көзден алу-23
Электронды магазин-58	Электронды магазин-61
Аукцион-1	Аукцион-1
Ашық конкурс-3	Ашық конкурс-5
Биржа-2	

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша мемлекеттік сатып алу бойынша құқық бұзушылық анықталмады.

Бөлімшелерінің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау туралы:

Кәсіпорынның қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша талдау жүргізу кезінде дискрециялық өкілеттіктер мен нормаларды анықтау бойынша жұмыстар жүргізілді. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін факторлар жоқ.

Нәтижесінде дискрециялық өкілеттіктер анықталмады,

Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарында лауазымды тұлға міндетінің орнына құқық белгілеу бөлігінде, сондай-ақ адамға тиесілі құқықтарды, артық әкімшілік кедергілерді іске асыру үшін қойылатын талаптардың жоғары болуы, функцияларды, міндеттерді, құқықтар мен жауапкершілікті тиісінше айқындамау анықталған жоқ.

Кәсіпорын бөлімдерінің біліктілік талаптарында айқындалған нормативтік-құқықтық актілерімен және құқықтық актілердің арасында сыбайлас жемқорлық және бұзушылық жасауға ықпал ететін өзінің қалауы бойынша шешім қабылдайтын өкілеттік пен нормалар анықталмады.

Сыбайлас жемқорлықты болдырмау және алдын алу бойынша қызметкерлердің қатысуымен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңына сәйкес, заң бұзушылықтарды болдырмау және Әдеп Кодексінің талаптарын сақтау бойынша сабақтар өткізіліп, Кәсіпорын қызметкерлеріне ескертпелермен таныстырылды. Әдеп Кодексінің талаптарын сақтау және мүдделер қақтығысына жол бермеу мақсатында жұмыскерлермен жиналыс өткізілген.

Комплаенс офицер «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ Заңына (әрі қарай – Заң) сәйкес, квазимемлекеттік субъектілерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін және құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шараларды қабылдайды.

Кәсіпорының орналасқан жері Шымкент қаласы, Аль-Фараби ауданы, Толстой көшесі, 121 ғимаратының кіре – берісінің 1-қабатында, 2- қабатында және кәсіпорынның фронт офис бөлмесіне және барлық бекеттерге COMPLAENCS-офицер қызметкері бойынша маңдайшалары байланыс телефонымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған үгіт материалдары бар. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлық фактілеріне жол бермеу туралы ақпаратты ашық, интернет -ресурстарда, ресми сайтта жарияланған.

Жедел медициналық жәрдем көрсету;

2023 жылдың маусым айынан 2024 жылдың маусым айына дейін Жедел медициналық көмекке жүгінген шақыртулар саны 1000 адамға (103) желісі арқылы-884.8 шақырту түскен.

Соның ішінде :103 желісі арқылы бас тартқан шақыртулар-12120-(1.6%)

-нәтижесіз шақыртулар-20430 (2,6%)

-консультация арқылы-55596 (7,3%)

-орындалған шақыртулар-677148 (89,5%)

Жалпы мәлеметтер ҚР ДСМ «Салидат Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығы» ШЖҚ РМК Шымкент қалалық филиалынан және «АРМАКОМ» программдық ақпараттық жүйесінен алынған.

ЖМЖС қызметінде «Жедел медициналық жәрдем, оның ішінде медициналық авиацияны тарта отырып көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы ДСМ 2020 жылдың 30 қарашадағы ҚР ДСМ-225/2020 бұйрығын басшылыққа ала отырып, өз қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар анықталмады.

Кәсіпорынға «Е-Өтініш» бойынша арыз-шағымдар түскен жоқ, осы уақыт аралығында жыл басынан бері 48- сұрау салу, ұсыныс түскен болып, жауапты мамандар, уақытылы сапалы жауап берген, өтініш иелерімен кері байланыс жасалған.

Медициналық және фармацевтикалық бақылау Комитетінің Шымкент қаласы бойынша Департаментінен 1 шағым түскен, түскен шағым бойынша тиісті мерзімінде қаралып, жауапты қызметкерге тәртіптік жаза қолданып, мекеменің атынан жауапты мамандар уақытылы, сапалы жауап берген, арыз иелерімен кері байланыс жасалған.

Сонымен қатар медициналық және фармацевтикалық бақылау Комитетінің Шымкент қаласы бойынша Департаментімен 2024 жылы 07 ақпан мен 12-ші ақпан аралығында тексеру жұмыстары жүргізіліп оңтайлы нәтиже қабылданған.


Қорытынды:

Ішкі талдау жүргізген жұмыс тобының нәтижесі бойынша кәсіпорында 2023 жылдың маусым айынан 2024 жылдың маусым айы аралығында Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша құқық бұзушылық анықталмады.





Ұсынады:

1. Жоғарыда баяндалған негізінде кәсіпорын жұмыскерлеріне Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, , Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі (Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI кодексі), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Жедел медициналық жәрдем, оның ішінде медициналық авиацияны тарта отырып көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы ДСМ 2020 жылдың 30 қарашадағы ҚР ДСМ-225/2020 бұйрығын және де басқа Қазақстан Республикасының Заңдары бойынша жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын әрекеттерді, құқық бұзушылықтарды болдырмау, алдын-алу мақсатында, оқыту жұмыстарын жалғастыру қажет.

Ішкі талдау жүргізетін жұмыс тобы төрайымы


Нарымбаев С.К.

Ішкі талдау жүргізетін жұмыс тобы:

 Е.М. Пернебеков
 Ш. Сатыбалдиева
 Ф.П. Даржанова
 Ж.А. Сейтимбетова